Aıǵóz jańalyqtary

ГАЗЕТ 1930 ЖЫЛДЫҢ 4 ҚАЗАНЫНАН БАСТАП ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 27 (11025) 11 shilde 2026 jyl E-mail: ayagoz.zhanalyktary@gmail.com

Күлдір де күлдір кісінетіп,

Күлдір де күлдір кісінетіп,
Күреңді мінер ме екенбіз,
Күдеріден бау тағып,
Ақ кіреуке киер ме екенбіз?!
Жағасы алтын, жеңі жез,
Шығыршығы торғай көз
Сауыт киер ме екенбіз?!
Ор қояндай жүгінтіп,
Аш күзендей бүгілтіп,
Жолбарыстай шұбарды
Таңдап мінер ме екенбіз?!

Сол шұбарға мінген соң,
Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Қол төңкерер ме екенбіз?!.
Жалаулы найза жанға алып,
Жау қашырар ма екенбіз!
Тобыршықты әндіген
Толтыра тартар ма екенбіз?!.
Тобылғы түбі құралай,
Бытыратып атар ма екенбіз?!.
Жарлауға біткен жапырақ –
Жамылсақ тоңар ма екенбіз.
Жазыққа біткен бүлдірген –
Сұғынсақ тояр ма екенбіз?!.
Тобылғы сапты қамшы алып,
Тұмар мойын ат мініп,
Қоныс та қарар ма екенбіз!
Ел жазылып жайлауда
Жақсылар кеңес құрғанда
Мұртымыз өрге шаншылып,
Бұрын да сөйлер ме екенбіз?!.

Күлдір де күлдір кісінетіп,
Күреңді мінер ме екенбіз
Күдеріден бау тағып,
Қамқапты киер ме екеміз?!
Өзенге бие байлатып
Төскейге орда орнатып
Төрткілдеп ошақ қаздырып
Төбел бие сойғызып
Төменде бидің кеңесін
Біз де бір құрар ма екеміз ?!
Құлаты тауға қол салып
Садақтың оқын мол салып

Бетпақтың ен бір шөлінен
Төтелеп жүріп жол салып
Қолды бір бастар ма екеміз?!
Майданда дабыл қақтырып
Ерлердің жолын аштырып
Атасы басқа қалмақты
Жұртынан шауып бостырып
Тәйедегі наршасын
Әлпештеген ханшасын
Ат артына мінгізіп
Тегін бір олжа қылар ма екеміз?!

Кеуде бір жерді жол қылсам
Шөлең бір жерді көл қылсам
Құрап жанды көп жиып
Өз алдына ел қылсам!
Асқар бір тауды жайласам
Желілеп бие байласам
Күнде жиын, күнде той
Қыз- бозбала ойнатсам
Тентегін түзеп байқа деп
Ішінен биді сайлатсам
Ғалым бір құлдай киінсе
Көркемін көрген сүйінсе
Атымтай жомарт секілді
Атағым жұртқа білінсе!

Өзім бір бөлек жайласам
Жігіттен нөкер сайласам
Ойпақ жерге он отау
Қырақ жерге қырық тігіп
Қонағымды жайғасам!
Пышақтан малым кетпесе
Қазаным оттан түспесе
Ауылдан топыр үзілмей
Ошақтың оты өшпесе
Май жемесе қонағым
Қан жемесе барағым
Он кісіге жараса
Бір кісіге арнап тартқан табағым!
Халыққа атым білініп
Шүлеңгір мырза атанар ма
екенбіз?

Жауға шаптым ту байлап,

Жауға шаптым ту байлап,
Шепті бұздым айғайлап.
Дұшпаннан көрген қорлықтан
Жалынды жүрек қан қайнап,
Елді-жұртты қорғайлап,
Өлімге жүрміз бас байлап!

Сары аязда қата ма

Сары аязда қата ма
Қайнардың аққан тұнығы?
Қап түбінде жата ма
Болаттың асыл сынығы?
Халқың тозып, кем болмас,
Әділ болса ұлығы.
Рақымсыз жақыннан
Халқы қатты түнілер.
Сырқат болсаң жат жерде,
Жаныңа кім үңілер?!
Әділ туған жақсыға
Екі даугер жүгінер,
Тізесін қисық бұрмаса,
Асылдығы білінер.

Түйе мойнын тұз кесер,

Түйе мойнын тұз кесер,
Жігіт мойнын қыз кесер,
Сартылдаған сары аяз,
Жылқының мойнын мұз кесер.
Бұлан да бұлан, бұлан сан,
Бұланның санын оқ тесер,
Бұландап жүрген жігіттің
Жомарт қолын жоқ кесер!

Жағама қолдың тигенін,

Жағама қолдың тигенін,
Жалғыздық, сенен көремін.
Жамаулы киім кигенім,
Жарлылық, сенен көремін.
Атадан тудым жалқы боп,
Жақыннан көрдім талқы көп,
Жасым жетпей он беске,
Қорғайтын жан адам жоқ.
Кәрі ақсайды ақылдан,
Ер ақсайды жақыннан,
Қазір әлсіз болсам да,
Үмітім бар ақырдан.
Жасым жетіп он беске,
Кірер ме екем кеңеске,
Бұғана қатып, бел бекіп
Ерегескен дұшпанмен
Шығар күн туса күреске!

Дұшпаннан көрген қорлығым
Сары су болды жүрекке.
Он жетіде құрсанып,
Қылыш ілдім білекке.
Жауға қарай аттандым,
Жеткіз деп, Құдай, тілекке!
Салпаң да салпаң жортармын,
Сары азбанға қосымды
артармын.
Торлаусыз өскен құланмын,
Мезгілсіз жусап өрермін.
Байраққа біткен құрақпын,
Саусағым жерге түсірмен.
Жапанға біткен терекпін,
Еңсемнен жел соқса
да теңселмен.
Қарағайға қарсы біткен бұтақпын,
Балталасаң да айрылман.
Сыртым құрыш, жүзім болат,
Тасқа да салсаң, майрылман!

Уа, Қарт Бөгенбай!

Уа, Қарт Бөгенбай!
Құяр жауын аспаннан,
Қара бұлт торласа.
Пәлекет елде көбейер,
Жігітті жігіт қорласа.
Ақбөкен келіп жығылар,
Алдын қазып орласа.
Пенденің бағы ашылмас,
Мандайы қалың сорласа.
Дұшпан қорлап не қылмақ,
Бақыт басқа орнаса!
Қынаптан қылыш суырмай,
Қарысқан жау бүлк етпес,
Жуылмай қастың қанымен,
Намысқа тиген кір кетпес.
Шабыссаң, қане, шығып көр,
Жау емессің күш жетпес,
Дарабоздай қолбасы
Абыройын кірлетпес!
Ұрын келген күйеу қайда,
Жесір қайда тіл өтпес?
Жендетті көрсет көзіме,
Желіккен басты кім кеспес?!
Елін жүндей түткізіп,
Қанды көбік жұтқызып,
Жайратамыз осы кеш!..

СЕМЕЙДЕ 1873 ЖЫЛЫ САЛЫНҒАН ТАРИХИ ҒИМАРАТ ЖАҢҒЫРТЫЛЫП ЖАТЫР

Облыс әкімі Берік Уәли Семейдегі 1873 жылы салынған, бұрынғы зоовет институты ғимаратын аралап, нысанды қайта жаңғырту жобасымен танысты.

Тарихи ғимарат жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген. 1917 жылы нысанда өрт болып, тек қабырғалары ғана сақталған. Қала тұрғындарының қолдауымен нысан бір ай ішінде қалпына келтіріліп, 1918 жылғы 18 қаңтарда қайта пайдалануға берілген. 1950 жылы КСРО Министрлер Кеңесінің шешімі негізінде Семей қаласында зооветеринарлық институт ашылып, оқу орны үшін үш қабатты ғимарат бөлінген. 1986 жылы ғимаратта қайтадан өрт болып, тек негізгі қабырғалары қалған.

Жоба аясында нысанның тарихи келбеті толық сақталып, заманауи талаптарға сай көпфункционалды кешен ретінде қайта бейімделмек. Нысан қонақүй-мейрамхана және әкімшілік-коммерциялық бағыттағы екі блоктан тұрады.

Жеке инвестордың қаражаты есебінен жүзеге асырылып жатқан жобаның құны – 5 миллиард теңге. Нысан пайдалануға берілгеннен кейін 150 адамға тұрақты жұмыс орны ашылады.

Аймақ басшысы ғимараттың тарихи келбетін сақтай отырып, оны қала тұрғындары мен қонақтарына қызмет ететін заманауи көпфункционалды кешенге айналдырудың маңызды екенін атап өтті.

«Қаланың дәл ортасында орналасқан ғимарат ұзақ уақыт бойы қараусыз қалып, шаһардың көркіне кері әсер етіп тұрды. Енді міне 40 жылдан кейін құрылысы қайта жанданды. Инвесторларға рахмет айтамыз. Біздің ұсынысымызды қабыл алып, үлкен тарихи ғимаратқа қалпына келтіру жұмысын бастап кетті. Жұмыс кестеге сәйкес жүргізіліп жатыр. Нысанды тарихи келбетін сақтай отырып жаңғыртатын болсақ, нағыз тарихи ғимаратқа айналады. Семейдің ең көрікті орындарының бірі болады деп сенеміз. Уақытша қолайсыздықтарға тұрғындар түсіністікпен қарайды деп ойлаймыз», – деді Берік Уәли.

Абай облысында тарихи ғимараттарды қалпына келтіру бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Былтыр, желтоқсан айында 1890 жылы ағайынды Мусиндер салған ғимарат жаңартылып, «Pana Unique Semey» бес жұлдызды қонақ үй кешені ретінде пайдалануға берілді.

Думан Кенжеғазыұлы

Аягөз жаңалықтары
№ 27 (11025)
11 shilde 2026 жыл

ДАҢҚТЫ БАЛУАННАН – ДАРА БАЛКЕРГЕ ДЕЙІНГІ ТАҒЫЛЫМДЫ ЖОЛ

Қазақтың қайсар рухы мен текті болмысы ғасырлар бойы ұлттық күрестің қасиетті кілемінде шыңдалып келеді. Балуандық – білек күшінің ғана емес, жүрек қайратының, елге деген адалдықтың, ұлтқа деген сүйіспеншіліктің өлшемі. Осындай қасиетті жолды өмірлік мұратына айналдырып, жеңіс тұғырынан ұстаздық биігіне көтерілген азаматтардың бірі – жерлесіміз Думан Жармұхаметұлы Қыздарбеков.

Биыл ел спорты үшін ерекше қуанышты жаңалықтың бірі – қазақ күресінің халықаралық дәрежедегі спорт шебері, дзюдо және самбо күресінен спорт шебері, қазақ күресінен ұлттық дәрежедегі төреші Думан Жармұхаметұлының «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы» құрметті атағына ие болуы болды.

Бұл – жай ғана марапат емес. Бұл – ұзақ жылғы тынымсыз еңбектің, ұлттық спортқа деген шексіз адалдықтың, мыңдаған сағаттық жаттығудың, сансыз шәкірттің маңдай терімен келген жеңістердің заңды жемісі. Бұл – ұстаз еңбегінің мемлекет тарапынан мойындалуы. Думанның жемісті жетістігінің басында оның да даңқты бапкерлері мен мықты жаттықтырушылары тұр. Солардың бірі ретінде «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы», Аягөз аудандық Мәслихатының депутаты Бейсекин Манат Қанағатұлын атауға болады.

Думан Жармұхаметұлы 1985 жылдың 19 ақпанында қасиетті Аягөз өңіріндегі Тарбағатай ауылында дүниеге келді. Туған жердің текті тәрбиесі мен қазақы болмысты бойына сіңіріп өскен жас жігіт ерте жастан спортты серік етті. Табандылығы мен қайсарлығы оны үлкен спортқа алып келді.

Күрес кілемінде ол қарсыластарына қайсар мінезімен, шебер әдіс-айласымен танылды. Аз ғана уақыттың ішінде халықаралық деңгейдегі мықты спортшылардың қатарына қосылып, Қазақстанның көк байрағын әлемдік ареналарда биікке көтерді.

Оның спорттық жетістіктері – ұлттық спорт шежіресінің жарқын беттері. 2007 жылы Қырғыз Республикасының Шолпан-Ата қаласында өткен Азия чемпионатында жеңімпаз атанса, араға бір жыл салып Ресейдің Орск қаласында өткен Әлем чемпионатында алтыннан медель тақты. Сол жылы Орынборда ұйымдастырылған Еуропа чемпионатында да қарсылас шақ келтірмей, құрлық чемпионы атанды. Сонымен қатар алыш күресінен Азия чемпионатының күміс жүлдесіне ие болып, қазақ спортының абыройын асқақтатты.

Алайда нағыз азаматтың биігі алған марапатымен ғана өлшенбейді. Оның шынайы биік болмысы – өзінен кейінгі буынды тәрбиелей білуінде.

Думан Жармұхаметұлы дәл осындай ұстаздық жолды таңдады.

2010 жылдан бастап Шығыс Қазақстан облысының, кейіннен Абай облысының ересектер және жастар құрамасының аға жаттықтырушысы ретінде ұлттық құраманы талай дүбірлі додаға бастап шықты. Бүгінде Абай облысының жастар құрамасының аға жаттықтырушысы ретінде жас таланттарды тәрбиелеп келеді. Жаттықтырушының басты байлығы – оның шәкірттері. Думан Жармұхаметұлы тәрбиелеген балуандар бүгінде әлем чемпионаттарының, Азия чемпионаттарының, Әлем кубоктарының, халықаралық турнирлердің және Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанып жүр. Әлем чемпиондары Ерсін Сейітқазынов пен Зарина Сарипова, әлем чемпионы әрі Көшпенділер ойындарының жеңімпазы Архат Қаербеков, халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері Дидар Тұқышев, Сафуан Мұратбеков, Әсет Ахметжанов, қазақ күресінен жастар арасындағы Әлем чемпионатының қола жүлдегерлері Беріков Мейіржан, Қалмақбаев Алтынбек, қазақ күресінен спорт шебері, Азия кубогының екі дүркін жеңімпазы Тұрсынбек Есхат, қазақ күресінен спорт шебері, «Қазақстан Барысы» республикалық турнирінің жеңімпазы (2021 жыл) Нұралинов Дәурен, самбодан Әлем чемпионатының күміс және қола жүлдегері, қазақ күресінен спорт шебері Ағыбаев Айбек, Қазақстан Республикасының чемпионы, Әлем чемпионатының қола жүлдегері Тұрсынгазиев Нұрғали, Қазақстан чемпиондары Беріков Мейіржан, Төлеутайов Нұрбек, Сарқытов Бақтияр, Аягөзден шыққан Қазақстан Барысы Нұралинов Дәурен және өзге де көптеген саңлақтардың үлкен спорттағы жетістіктерінің артында білікті бапкердің қажырлы еңбегі жатыр.

Бүгінге дейін ол 8 халықаралық дәрежедегі спорт шеберін және 27 спорт шеберін тәрбиелеп шығарды. Бұл – кез келген жаттықтырушының маңдайына бұйыра бермейтін үлкен жетістік.

Думан Қыздарбековтің қызметі тек чемпион даярлаумен шектелмейді. Ол ұлттық спорттың бұқаралық сипатын арттыруға, жастардың бойына отансүйгіштік қасиетті сіңіруге, қазақ күресінің тәрбиелік мәнін дәріптеуге, ауыл-аймақта ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға сүбелі үлес қосып келеді.

Бапкер үшін әрбір шәкірт – болашақ чемпион ғана емес, елдің ертеңін қалыптастыратын азамат. Сондықтан оның тәрбиесінен өткен балуандар тек күрес әдісін ғана емес, үлкенге құрмет, кішіге ізет, намыс пен жауапкершілікті де бойына сіңіреді.

Қазақта: «Ұстазы мықтының – ұстанымы мықты» деген тағылымды сөз бар. Думан Жармұхаметұлының өмір жолы осы нақылдың айқын дәлелі.

Оның шәкірттері әлемнің әр қиырында Әнұранымызды шырқатып, Көк Туымызды желбіреткен сайын ұстаз еңбегінің де мерейі үстем бола түседі. Себебі чемпионның жеңісінде бапкердің төккен маңдай тері мен сарқылмас сенімі қатар жатады.

Бүгінгі берілген жоғары мемлекеттік атақ – бір күннің немесе бір жылдың жемісі емес. Бұл – ондаған жыл бойы ұлттық спортқа қалтқысыз қызмет еткен азаматтың еңбегіне берілген тарихи баға.

Еңбекпен келген абырой ғана баянды. Ал елдің ықыласымен келген құрметтің салмағы қашанда ерекше.

Думан Жармұхаметұлы Қыздарбеков – жеңісті жолын шәкірт тәрбиесімен жалғастырған, қазақ күресінің көкжиегін кеңейткен, ұлттық рухтың туын биік ұстап жүрген тұлға.

Жерлесімізді айтулы мемлекеттік марапатымен шын жүректен құттықтаймыз!

Ел сенімі мен шәкірт алғысы әрдайым серігі болып, қазақ күресінің абыройын асқақтатар жаңа чемпиондарды тәрбиелей беруіне тілектеспіз.

Ұлт спортының өрісі кеңейіп, көк байрағымыз әлем төрінде әрдайым желбірей берсін!

Ермек Тұрсынұлы

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, белгілі қаламгер Ғабиден Құлахмет қазақтың көне жыраулық мұрасын, оның ішінде Ақтамберді Сарыұлының жырларын зерттеп, насихаттауға айрықша үлес қосқан тұлға. Ол Ақтамбердіні тек ақын ғана емес, ұлттық рухтың, ерліктің символы ретінде жоғары бағалаған. Өр рухты ақын жырау мұрасын талдай келе, Ақтамбердінің «Намысы – ел намысы», «Мені – елдің мені» деген қағидасын ерекше атайды. Оның поэзиясын ұлттық намыс пен елдіктің үні деп таныған. Даңқты тұлғаның жаугершілік заманындағы ел қорғаудағы ерлігін қазақ әдебиетіндегі көшпенділер рухының көрінісі ретінде дәріптеген.

Еліміз бен Ресейдегі қаншама архивтерді ақтарып талай ақтаңдақ тарихты тірілткен жазушы ұлт руханиятының жоқшысы еді.

Кезінде тарихи әділетсіздік орын алған шақта республикалық басылымдарға арнайы мақала жазып жыраудың түп негізін орынсыз бұрмалауға қайсар қарсылық білдіргені де ел жадында. Ендігі кезекте осы жазбаны оқырман назарына ұсынсақ дейміз.

Редакция

КИЕ МЕН КҮЙЕ

«Кие мен күйе» деген мақала тақырыбы жүрекке ауыр тиіп тұр. Шежіре дау болмауы керек, дәл болуы керек. «Уәжі бар ма екен?» Сұрақ осылай ғана қойылуы тиіс. Әйтпесе онсыз да қазақтың даласын жер дауы мен жесір дауы кернеп тұр. Одан гөрі «қазақтың шекарасы болмаған», «мемлекеттігі болмаған» деген сөзге жауап бермейік пе?! Атаға бұрмай, «бәріміз бір қазақтың баласымыз» десек қой, шежірені де байыппен талқылар едік. Уәжіңіз бар ма?.. Ендігі жерде тақырыпқа осы тұрғыдан ғана келсек.

Өткен күнде белгі бар, іздеушісі болса,

Келер күнге тәңір жар, тілеушісі болса.

Халық даналығы

Белгілі ғалым, доктор, профессор Мырзатай Жолдасбековтің «Шың мен шыңырау» атты кітабын елден ағам алып келді. Бораш Сейсенұлы Сепбосынов. Атақты Ақтамберді жыраудың жетінші ұрпағы. Ақсары жүзі қақтаған жездей қызыл-күрең. Күйініп, күйгелектеніп тұр. Жас кезінен намыс¬қой еді. Ат үстінен қамшы үйірген тентекті жаяу барып, жалаңаш қолмен алатын. Әлі де күш-қуаты қайтпаған сом денесі қалш-қалш етіп, балуан саусақтары өзіне қажетті кітап парағын бірден таба алмай әбігерге түсті.

– Мынау қорлық қой! Ел аман, жұрт тыныштa Ақтамберді бабамды әлдекімдер алдына өңгеріп, ұлы атасы Сыбан шалдан тартып әкетті! Қарағым-ау, қазақтын арғы-бергі тарихында сүйегі саудыраған кәрі аруақты күңірентіп барымталаған сұмдықты естіп пе едіңіз?!

«...Қабдеш өз қолынан туғызып, кіндігін өзі кескендей Ақтамбердіні Найман ішіндегі Сыбан еді дейді» («Шың мен шыңырау», 29-30 беттер).

Азамат шамданатындай, көзі қарақты оқырман шошынатындай ауыр сөз. 1981 жылы 16 ақпанда Ғабиден Мұстафиннің үйінде болғанымызда естіген абыз ақсақалдың: «Қиянаттың ең ауыры – кітаптағы өтірік», – деген сөзі ойымызға оралды.

Алаш деп намысқа шабайын десең, сырттан келген жау жоқ. Тәуелсіздік туы төбемізде желбіреп тұр. Хан тағында, халық орнында. Қазақ үрдісінде жер дауы, жесір дауы, құн дауы көп болған. Тіпті, адам болар балаға, тұлпар шығар жүйрікке таласқан дау-шарғылар да тарихтан белгілі. Бірақ, кіндігінен тараған ұрпақтың өзі он буыннан асып кеткен кәрі аруақты көкпарға салу – жөн-жосыққа сыймайтын жат құбылыс.

Тіліміз тұтқырланып, дініміз шұбарланған тұста онсыз да тағдыры қыл үстінде тұрған қазақ ұлтына бұл келеңсіздік оңай тимейді. Жалған сөз, арзан мақтан ертең түбімізге жетіп тынбасын. Саудаға түскен жеріміз сияқты, ұлттық тарихымыз талан-таражға ұшыраса, ертең кім болғанымыз?

«Атаңды Қаратауда бір жығып ем» дейтін кесір сөздің шылауында кетсек, кейінгі ұрпақ көшін кімге қарап түзейді?

«Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» деп атам қазақ айтқан.

Ақтамберді жыраудың толық өмірбаяны алғаш рет ұлт кітабы – «Қобыз сарынында» жарияланды.

«Ақтамберді – әкесі Сары мен шешесі Сырбикеден жалғыз туады. Сары – Найман Сыбан ішіндегі орташа ғана дәулеті бар, қақ-соқта жұмысы жоқ момын адам екен. Сондықтан да ол өз малын өз қызығына жұмсай алмай, ағайын-туғаннан зорлық-зомбылықты көп көреді. Бұл күн сүйеніші, жанашыры жоқ жас бала Ақтамбердінің де басына түседі. Алайда, жүрегінде оты бар болашақ жырау өзінің алғашқы туындыларын осы шамада, 10-11 жасында шығара бастапты. Ақтамбердінің бұл кездегі өлеңдері мұң, зар, жалғыздыққа налу түрінде келеді.

Жағалбай деген ел болар,
Жағалтай деген көл болар.
Жағалтайдың жағасы
Жасыл да байтақ ну болар.
Атадан алтау туғанның,
Жүрегінің бастары
Сары да жалқын су болар,
Жалғыздық, сені қайтейін!

Бала сонымен қатар, ертеңақ «жасы он беске жетіп, кеңеске кірер» күн туатынын, болашақтан үміті зор екенін жырға қосады.

Міне, осы өлеңдерді құлағы шалып қалған ағайындарының бірі Ботақара Ақтамбердіні қамшының астына алады. Алайда жазықсыз жас балаға аталас туысы Бердіке батыр ара түседі. Сол күннен бастап бұғанасы қатқанға дейін болашақ жырау осы Бердікені паналайды» (М.Мағауин. Он үш томдық шығармалар жинағы, 8-том, 79-80 беттер).

Жалғасы 6 беттер

В связи с предстоящими выборами депутатов Курултая Республики Казахстан, назначенных на 23 августа 2026 года, ТОО «Аягөз жаңалықтары» аудандық газеті предоставляет газетную площадь для размещения предвыборных агитационных материалов политических партий.

Публикация агитационных материалов осуществляется с момента заключения соответствующих договоров.

ТОО «Аягөз жаңалықтары» аудандық газеті сообщает. что стоимость размещения предвыборных агитационных материалов **составляет 300 (триста) тенге за 1 кв.см.**

ХАБАРЛАНДЫРУ

5 бөлмели үй сатылады. Летняя кухня, огород монша 2 гараж есік алды бурчатка видео наблюдение, мал жайылымға қора жерлері көп. С мебелью. 87020009861.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Аягөз су» КМК басшылығы тұтынушылардың және басқа да мүдделі тұлғалардың алдында табиғи монополиялар субъектісінің қызметі жөніндегі 2026 жылғы 1-ші жартыжылдықтағы сумен жабдықтау және кәріз суларын әкету қызметтері бойынша және 2026 жылғы 1-ші жартыжылдықтағы инвестициялық жобаның есебі туралы ашық тыңдауы өткізіледі.

Өткізілетін орны және уақыты: Аягөз қаласы, Макеев көшесі 1, «Аягөз су» КМК-ның жиналыс залында 2026 жылдың 31 шілдесі сағат 14-00-де.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Абай облысы бойынша департаментінің 2026 жылғы 03 маусымдағы №26-НҚ бұйрығымен сумен жабдықтау қызметіне, №27-НҚ бұйрығымен суды бұру қызметіне 2026 жылдың 01 тамызынан «Аягөз су» КМК-сы уақытша өтемдік тарифтері енгізілетінін хабарлайды:

Тұтынушылар топтары бойынша саралануы	Өлшем бірлігі,	Сумен жабдықтау	Суды бұру
1. Тұрғындар (халық) және жылу энергетикалық кәсіпорындар үшін	теңге 1 м^3-ге	128,59	65,17
2. Өзге де тұтынушылар	-*-	454,76	176,69
3. бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар	-*-	873,98	205,13

Баға ҚҚС-ынсыз

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Құрылтай депутаттары бес жыл мерзімге сайланады.

Құрылтайдың құрамына Сайлау туралы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер бойынша сайланатын 145 депутат кіреді.

Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі.

Жиырма бес жасқа толған және елдің аумағында соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматы депутат бола алады.

Партиялық тізімде әйелдердің, жастардың және мүгедектігі бар адамдардың жиынтық үлесі оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс.

Партиялық тізімде адамдарды орналастыру тәртібін саяси партиялар дербес айқындайды.

Жаңару үшін дауыс бер!

**Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы**

О ВЫБОРАХ ДЕПУТАТОВ КУРУЛТАЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

23 августа 2026 года состоятся выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.

Депутаты Курултая избираются сроком на пять лет.

В состав Курултая входят 145 депутатов, избираемых по партийным спискам в соответствии с Конституционным законом о выборах по территории единого общенационального избирательного округа.

Выборы проводятся на основе всеобщего, равного и прямого избирательного права при тайном голосовании.

Депутатом может стать гражданин Республики Казахстан, достигший 25-летнего возраста и постоянно проживающий на территории страны последние десять лет.

В партийном списке совокупная доля женщин, молодежи и лиц с инвалидностью должна составлять не менее 30 процентов от общего числа включенных в него лиц.

Политические партии самостоятельно определяют порядок размещения лиц в партийном списке.

Голосуй за обновление!

**Центральная избирательная комиссия
Республики Казахстан**

АЗАМАТТАРДЫ САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлаушылардың тізімдерін тұрғылықты жері бойынша тиісті жергілікті атқарушы орган жасайды.

Сайлаушылар тізімдеріне дауыс беру күніне он сегіз жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие және тұрғылықты жері бойынша тиісті сайлау учаскелерінің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары енгізіледі.

Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген олардың өтініші негізінде дауыс беру күніне дейін отыз күннен кешіктірмей немесе 2026 жылғы 23 шілдеге дейін енгізіледі.

Әкімдік азаматты дауыс беретін сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды ұйымдастырады.

Азамат тек бір ғана сайлаушылар тізіміне енгізіле алады.

2026 жылғы 7 тамыздан бастап сайлаушыларға тиісті әкімдіктің интернет-ресурсы немесе байланыс орталығы арқылы нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізімінде өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі.

Сайлаушыларға қолайлы болуы үшін электрондық сервистер арқылы сайлау учаскесі туралы хабарландыру ұйымдастырылады.

Жаңару үшін дауыс бер!

**Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы**

О ВКЛЮЧЕНИИ ГРАЖДАН В СПИСКИ ИЗБИРАТЕЛЕЙ

23 августа 2026 года состоятся выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.

Списки избирателей по месту жительства составляются местным исполнительным органом.

В списки избирателей включаются граждане Республики Казахстан, достигшие на день голосования 18-летнего возраста, обладающие активным избирательным правом и зарегистрированные по месту жительства на территории соответствующих избирательных участков.

Временно зарегистрированные граждане включаются в списки избирателей на основании поданного ими заявления в местный исполнительный орган не позднее чем за тридцать дней до дня голосования или **до 23 июля 2026 года.**

Акимат организует включение гражданина в список избирателей того избирательного участка, на котором он будет голосовать, и исключение его из списка избирателей по месту регистрации.

Гражданин может быть включен только в один список.

С 7 августа 2026 года избирателям будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке избирателей на конкретном избирательном участке через интернет-ресурс или колл-центр соответствующего акимата.

Для удобства избирателей посредством электронных сервисов будет организовано оповещение об избирательном участке.

Голосуй за обновление!

**Центральная избирательная комиссия
Республики Казахстан**

САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ

№ 198 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орталығы: "Аягөз локомотив жөндеу депосы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты, Аягөз қаласы, Маженова көшесі, № 1 үй.

Шекаралары:

Меерманов көшесі, № 1, 2, 3, 4, 4а, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16 үйлер;

Ларшин көшесі, № 1, 1а, 1/1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 24 үйлер;

Найманбаев көшесі, № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 18/1, 19, 20, 21, 22, 22а, 22/1, 23, 24, 24а, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 31/1, 32, 32/1, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 39/1, 40, 41, 42, 43, 44, 44а, 44б, 44/1, 45, 46, 46/1, 47, 48, 48а, 49, 50, 50/1, 51, 52, 52а, 52б, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 62/1, 63, 64, 64/1, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 100а, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 122а, 122б, 123, 124, 124а, 125, 126, 126а, 126б, 126/1, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 137, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 149а, 150, 151, 152, 153, 154, 155, 156, 157, 158, 159, 160, 161, 162, 163, 164, 165, 166, 167, 168, 168а, 168б, 169, 170, 170а, 171, 172, 173, 174, 175, 176, 176а, 177, 177/1, 178, 179, 180, 181, 182, 183, 183/1, 184, 185, 186, 187, 188, 189, 190, 191, 192, 193, 194, 195, 196, 197, 198, 199, 200, 201, 202, 203, 204, 205, 206, 207, 208, 209, 210, 211, 212, 213, 214, 215, 216, 217, 218, 218а, 219, 220, 221, 222, 222/1, 223, 224, 225, 225а, 226 үйлер;

Түгелбаев көшесі, № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20 үйлер;

Маженов көшесі, № 1, 1а, 1б, 1в, 1г, 1д, 1к, 1/1, 1/2, 1/3, 1/4, 1/5, 1/6, 2, 2а, 3, 4, 5, 5а, 5/1, 6, 6а, 6/1, 7, 8, 9, 9а, 10, 11, 12, 12а, 13, 14, 15, 15а, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 22а, 23, 23а, 24, 25, 26, 27, 28, 28а, 29, 30, 31, 32, 32а, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 39а, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 45а, 45/1, 46, 47, 48, 48а, 49, 50, 51, 51а, 52, 80 үйлер;

Желтоқсан көшесі, № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 60а, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 120а, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 131б, 132, 133, 134, 135, 136, 137, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 150,151, 152, 153, 154, 155, 156, 157, 158, 159, 160, 161, 162, 163, 164, 165, 166, 167, 168, 169, 170, 171, 172, 173, 174, 175, 176, 177, 178, 179, 180, 181, 182, 183, 184, 185, 186, 187, 188, 189, 190, 191, 192, 193, 193а, 194, 195, 196, 197, 198, 199, 199а, 200, 201, 202, 203, 204, 205, 206, 207, 208, 209, 210, 211, 212, 213, 214, 215, 216, 217, 218, 219, 219а, 220, 221, 222, 223, 224, 225, 226, 227, 228, 229, 230, 231, 232, 233, 234, 235, 236, 237, 238, 239, 240, 241, 242, 243, 244, 245, 245а, 246, 247, 248, 249, 250, 251, 252, 253, 254, 255, 256, 257, 258, 259, 260, 261, 262, 263, 264, 265, 265а, 266, 267, 268, 269, 270, 271, 272, 273, 274, 275, 276, 277, 278, 279, 280, 281, 282, 283, 284, 285, 286, 286а, 287, 288, 289, 290, 291, 292, 293, 294, 295, 296, 297, 298, 299, 300, 301, 302, 303, 304, 305, 306, 307, 308, 309, 310, 311, 312, 313, 314, 315, 316, 317, 318, 319, 319а, 320, 321, 322, 323, 324, 325, 326, 327, 328, 329, 330, 331, 331а, 331б, 332, 333, 333а, 334, 335, 336, 337, 338, 339, 340, 341, 342, 343, 344, 345, 346, 347, 348, 349, 350, 351, 352, 353, 354, 355, 356, 357, 358, 359, 360, 361, 362, 363, 364, 365, 365/1, 366, 367, 368, 369 үйлер;

6 пункт көшесі, № 1, 2, 2а, 3, 4, 4а, 5, 5а, 5/1, 5/7, 6, 6/1, 7, 7а, 7/22, 7/26, 23, 25, 25а, 25б, 43, 43а, 43б үйлер;

Шакенов көшесі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 39а, 40, 41, 42, 42а, 43, 43а, 43б, 44, 45, 45а, 45б, 46, 46а, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 61а, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 67а, 68, 68а, 68б, 69, 69а, 70, 70а, 71, 71а, 72, 72а, 73, 73а, 74, 74а, 75, 75а, 76, 76а, 77, 77а, 78, 78а, 79, 79а, 79б, 80, 80а, 81, 82, 83, 84, 84а, 84б, 85, 85а, 85/2, 86, 86а, 86б, 86в, 86г, 86д, 86е, 86/2, 87, 87а, 87б, 88, 88а, 89, 89а, 90, 90а, 90б, 90в, 91, 91а, 91б, 92, 92а, 92б, 92в, 92г, 92/1, 93, 93а, 93б, 93в, 93/2, 94, 95, 95а, 96, 97, 97а, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 107а, 108, 108а, 109, 109а, 110, 111, 112, 113, 113а, 114, 115, 115а, 116, 116а, 117, 118, 119, 120, 120а, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 130/1, 131, 132, 133, 133а, 134, 135, 135а, 136, 137, 138, 139, 140, 141, 141а, 142, 143, 143а, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 150, 151, 152, 153, 154, 155, 156, 157, 158, 158а, 159, 160, 161, 162, 163, 164, 165, 166, 167, 168, 169, 170, 171, 172, 173, 174, 175, 176, 177, 178, 179, 180, 180а, 181, 182, 183, 184, 185, 186, 187, 188, 189, 190, 191, 192, 193, 194, 195, 196, 197, 197а, 201 үйлер.

Жалғасы 4 беттер

САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ

Жалғасы. Басталуы 3 жолақта

№ 199 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орталығы: Абай облысы білім басқармасы Аягөз ауданы бойынша білім бөлімінің "Д. Бабатайұлы атындағы жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, Аягөз қаласы, Гагарин көшесі, № 20 үй.

Шекаралары:

Барақ батыр көшесі, № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 44/1, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 59а, 59б, 60, 60а, 60б, 60г, 60д, 61, 61а, 61б, 61в, 61г, 61д, 61т, 61/1, 61/3, 62, 62а, 62д, 63, 64, 65, 65а, 66, 67, 67а, 67б, 67в, 67г, 67д, 67/1, 67/2, 68, 68а, 68/1, 69, 69а, 70, 70а, 71, 71а, 72, 73, 74, 74а, 75, 76, 77, 77а, 77б, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 95а, 96, 97, 98, 98а, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 108а, 109, 109а, 110, 111, 112, 112а, 113, 113а, 113б, 114, 114а, 115, 115а, 116, 116а, 116б, 117, 118, 119, 119а, 119б, 119в, 119г, 119д, 120, 120а, 120б, 121, 121а, 121/1, 122, 123, 123а, 124, 125, 126, 127, 127а, 128, 129, 129а, 130, 130а, 130б, 131, 131а, 132, 133, 134, 135, 136, 137, 138, 138а, 139, 139а, 140, 141, 142, 143, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 150, 151, 152, 153, 154, 155, 156, 157, 158, 159, 160, 161, 162, 162а, 163, 164, 165, 166, 167, 168, 169, 169а, 170, 171, 172, 173, 174, 175, 176, 177, 178, 179, 180, 181, 182, 183, 184, 184а, 185, 186, 187, 188, 189, 190, 191, 192, 193, 194, 195, 196, 197, 198, 199, 200, 201, 202, 203, 204, 205, 205а, 206, 207, 208, 209, 210, 210а, 211, 212, 212а, 213, 214, 215, 216, 217, 218, 219, 220, 221, 222, 223, 224, 224а, 225, 226, 227, 228, 229, 230, 231, 232, 233, 234, 235, 236, 237, 238, 239, 240 үйлер;

Тоқсанғазин көшесі, № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 9а, 10, 11, 12, 13, 13а, 14, 15, 15а, 16, 17, 17а, 17б, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 33а, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 40а, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 57а, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 63а, 63б, 63в, 63г, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 75а, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 83а, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 137, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 150, 151, 151а, 152, 153, 154, 155, 156, 157, 158, 159, 160, 161, 162, 163, 164, 165, 166, 167, 167а, 168, 169, 170, 171, 172, 173, 173а, 174, 175, 175а, 176, 177, 177а, 177б, 178, 179, 180, 181, 181а, 182, 183, 183а, 184, 185, 186, 187, 188, 189, 189а, 190, 191, 191а, 192, 193, 193а, 194, 195, 196, 197, 198, 199, 200, 201, 202, 203, 204, 205, 206, 207, 208, 209, 210, 211, 212, 213, 214, 215, 215а, 216, 217, 218, 219, 220, 221, 222, 223, 223а, 224, 225, 225а, 226, 227, 228, 229, 230, 231, 232, 233, 234, 235, 236, 237, 238, 239, 240, 241, 242, 243, 244, 245, 245а, 246, 247, 248, 249, 249а, 249б, 249в, 250, 251, 252, 253, 254, 255, 256, 257, 258, 259, 260, 261, 261а, 262, 263, 264, 265, 266, 267, 268, 269, 270, 271, 272, 273, 274, 275, 276, 277 үйлер;

Гагарин көшесі, № 1, 1/1, 2, 3, 3/1, 4, 5, 6, 7, 7а, 7/1, 8, 9, 10, 11, 12, 12/1, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 20/1, 21, 22, 23, 23а, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 32/1, 32/2, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 59/1, 60, 61, 62, 63, 63а, 64, 65, 65а, 66, 67, 68, 69, 70, 70а, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 77а, 78, 79, 80, 80а, 81, 82, 83, 83/1, 84, 85, 85а, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 110а, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 136а, 137, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 143/1, 143/2, 144, 145, 146, 146а, 147, 148, 149, 150, 151, 152, 153, 154, 155, 156, 157, 158, 159 үйлер;

Подгорный көшесі, № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 12а, 13, 13а, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 20а, 20/1, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 26/2, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 35а, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 51а, 51б, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 59а, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 67а, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 73а, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 93а, 94, 95, 95а, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 117а, 117б, 117в, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 125а, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 137, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 143а, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 150, 151, 152, 153, 154, 155, 156, 157, 158, 159, 160, 161, 162, 163, 164, 164а, 165, 166, 167, 168, 169, 170, 171, 172, 173, 174, 175, 176, 177, 178, 179, 180, 181, 182, 183, 184, 185, 186, 187, 188, 189, 190, 191, 192, 193, 194, 195 үйлер;

Амангелді көшесі, № 1, 2, 3, 3а, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 15а, 15б, 15/1, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 40а, 40в, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 49а, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86 үйлер;

Тұрғанбаев көшесі, № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 16а, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 23а, 23/1, 23/2, 24, 25, 26, 26а, 27, 28, 29, 30, 30/1, 30/2, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64 үйлер.

№ 200 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орталығы: Абай облысы білім басқармасы Аягөз ауданы бойынша білім бөлімінің "№ 6 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, Аягөз қаласы, Уәлиханов көшесі, № 2 үй.

Шекаралары:

Ысқақ Сүлейменов көшесі, № 1, 1а, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 9/1, 9/2, 9/3, 10, 11, 12, 12/1, 13, 14, 15, 15/6, 15/7, 16, 17, 17а, 17б, 17в, 17г, 17/1, 17/2, 17/3, 17/5, 17/6, 18, 18а, 18б, 18в, 18/1, 19, 19а, 19б, 19г, 19д, 20, 20а, 20г, 20/1, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 27/1, 28, 28а, 29, 30, 31, 32, 33, 33/1, 34, 34/1, 35, 36, 36а, 37, 38, 39, 40, 41, 52 үйлер;

Боранбай би көшесі, № 1, 1а, 2, 2а, 3, 4, 5, 5а, 6, 7, 7а, 8, 8а, 9, 10, 11, 12, 13, 13/1, 14, 15, 16, 17, 17/1, 18, 19, 20, 20/1, 21, 21а, 22, 23, 24, 25, 25а, 26, 27, 28, 28а, 29, 30, 31, 32, 32/1, 33, 33а, 34, 35, 35а, 35/1, 36, 36а, 37, 37а, 37/1, 38, 39, 40, 41, 41а, 42, 42а, 42б, 42/1, 43, 44, 45, 46, 46а, 46б, 46в, 46/3, 47, 48, 48а, 48б, 49, 50, 51, 51/1, 52, 53, 54, 55, 56, 56а, 57, 58, 59, 59а, 59/1, 60, 61, 61а, 61/1, 62, 63, 63а, 63б, 64, 65, 65а, 65б, 66, 67, 67а, 67г, 67/1, 68, 68а, 68/1, 69, 69а, 69г, 69/1, 70, 71, 71а, 72, 73, 73а, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 79а, 80, 81, 82, 82а, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90 үйлер;

Отарбеков көшесі, № 1, 1а, 1б, 1/1, 2, 2а, 3, 3а, 3/1, 4, 4а, 4б, 4/1, 5, 6, 6а, 6б, 7, 7/1, 8, 9, 9/2, 10, 11, 12, 13, 13/1, 14, 15, 16, 17, 17/3, 18, 19, 19а, 20, 21, 22, 22а, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 30а, 31, 32, 32а, 32б, 32/1, 32/2, 33, 34, 35, 35а, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 46а, 47, 48, 48а, 49, 49а, 49б, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 55а, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 69а, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 77а, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86 үйлер;

Шөкімұлы көшесі, № 1, 1а, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 7б, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 43а, 43б, 43в, 43г, 43/1, 44, 45, 45а, 45б, 45в, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 63а, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73 үйлер;

Тәйкіманов көшесі, № 1, 1/1, 2, 3, 4, 5, 6, 6а, 6б, 6в, 6г, 6/1, 7, 8, 8а, 8/1, 9, 9/1, 10, 11, 11/1, 12, 12а, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 20а, 21, 22, 23, 23а, 24, 24а, 24б, 24в, 24/1, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 34а, 35, 35а, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 56/1, 56/2, 57, 58, 58а, 59, 60, 61, 62, 63, 63а, 63б, 63в, 64, 64а, 64б, 64г, 65, 66, 66б, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 73а, 73б, 73в, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 90/1, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 99/2 үйлер;

Уәлиханов көшесі, № 22, 22а, 22б, 22в, 22г, 22/7, 23, 24, 28, 30, 30/1, 32, 32а үйлер.

№ 201 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орталығы: Абай облысы білім басқармасы Аягөз ауданы бойынша білім бөлімінің "№ 3 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, Аягөз қаласы, Қабанбай батыр көшесі, № 5/1 үй.

Шекаралары:

Сәтпаев көшесі, № 1, 1/1, 2, 2а, 2/1, 3, 4, 5, 5а, 6, 6а, 6б, 7, 7а, 8, 8/1, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 20а, 21, 22, 22а, 22б, 22/1, 23, 24, 25, 26, 26а, 27, 28, 28а, 28б, 29, 30, 31, 31а, 31б, 31в, 32, 32а, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 40/2, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47 үйлер;

Құлсейтов көшесі, № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 6а, 6б, 6/1, 7, 7а, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 16а, 17, 18, 18а, 19, 19а, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 26а, 26б, 27, 28, 28а, 29, 30, 30а, 30б, 31, 32, 33, 34, 35, 35а, 36, 37, 37/1, 38, 38/1, 38/3, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 44а, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51 үйлер;

Матросов көшесі, № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 10/1 үйлер;

Шантемисов көшесі, № 1, 1/1, 2, 2/1, 2/2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 үйлер;

Жамбыл көшесі, № 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 87а, 87б, 87в, 87г, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 93а, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 100/1, 100/2, 100/3, 100/4, 100а, 101, 102, 103, 103а, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 114а, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 129а, 130, 130а, 130б, 131, 132 үйлер;

Жүнүсов көшесі, № 1, 2, 3, 4, 4/1, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 25 үйлер;

Таурбаев көшесі, № 1, 2, 3, 3а, 4, 4/1, 5, 6, 7, 8, 8/2, 9, 9а, 10, 10/1, 10/2 үйлер;

Уәлиханов көшесі, № 27, 29, 29а, 31, 33, 34, 34а, 34б, 34в, 34/1, 39, 43, 45, 47, 49, 51, 53, 53а, 55, 61, 150 үйлер;

Береке көшесі, екі пәтерлік үй, № 1, 1а, 1/2, 1/3, 2, 2а, 2б, 2в, 3, 3а, 3/1, 3/2, 3/3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 пәтерлер;

Кудерин көшесі, № 107, 107а, 107б, 109, 109а, 109б, 111, 113, 113а, 113/1, 123, 125, 125а, 125в, 125/1, 125/2, 126, 128, 130, 130а, 132, 134, 136, 138, 140, 142, 144, 146, 152, 153, 156 үйлер;

С. Жолдасовтар көшесі, № 1, 2, 3, 4, 4а, 5, 5/2, 6, 7, 8, 8а, 8/1, 9, 9б, 10, 11, 12, 12а, 13, 14, 15, 16, 17, 17в, 18, 18а, 19, 20, 21, 22, 23, 23а, 23б, 23/1, 23/2, 24, 24а, 24б, 24/1, 25, 25а, 26, 26а, 26б, 27, 28, 28а, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 34а, 34б, 34в, 34г, 34/1, 34/5, 35, 36, 37, 38, 38а, 38/1, 39, 40, 40а, 40б, 40в, 40/2, 41, 42, 42а, 42б, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 50/1, 51, 52, 53, 53а, 54, 55, 55а, 55б, 140 үйлер;

Сейфуллин көшесі, № 95, 95а, 95в, 97, 97а, 97б, 97в, 97г, 97д, 97/1, 97/2, 97/3, 98, 99, 99а, 99г, 100, 100а, 101, 101а, 102, 103, 103а, 103б, 103/1, 104, 105, 105а, 105б, 106, 107, 107а, 108, 109, 109а, 110, 111, 111а, 111б, 111в, 111г, 111/1, 111/2, 111/3, 112, 112а, 113, 113а, 114, 115, 116, 116/1, 117, 117а, 118, 118а, 118б, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 124а, 177 үйлер;

Темірханов көшесі, № 1, 1а, 1б, 2, 2а, 3, 4, 5, 6, 7, 7а, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 35а, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 47а, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 53а, 54, 55, 64, 70, 76, 76а үйлер.

№ 202 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орталығы: Абай облысы білім басқармасы Аягөз ауданы бойынша білім бөлімінің "Қалалық қазақ мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, Аягөз қаласы, Уәлиханов көшесі, № 18д үй.

Шекаралары:

Б. Момышұлы көшесі, № 78, 80, 82, 84, 84а, 86, 86а, 88, 90, 90а, 92, 92а, 94, 96, 98, 100, 100а, 100б, 102, 104, 106, 106/1, 108, 109, 110, 111, 111а, 112, 112/1, 113, 114, 115, 115а, 116, 117, 117б, 117/1, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 127/1, 128, 129, 130, 130/1, 131, 132, 132а, 133, 133а, 134, 135, 136, 136а, 137, 138, 138а, 138/1, 139, 140, 141, 141/1, 142, 142а, 142/1, 143, 143/3, 144, 145, 146, 146/2, 147, 149, 149/1, 149/3, 151, 151/1, 153, 153/1, 155, 155/1, 157, 159, 161, 161/3, 163 үйлер;

Алтынсарин көшесі, № 90, 91, 92, 93, 94, 96, 98, 99, 99а, 100, 102, 104, 106, 108, 110, 112, 112б, 112в, 112/1, 112/2, 112/3, 112/5, 112/6, 112/7, 112/8, 114, 116, 118, 118а, 118б үйлер;

Әділбаев көшесі, № 1, 1а, 1б, 2, 2а, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45 үйлер;

Байғабылов көшесі, № 1, 1а, 1б, 1в, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 9/1, 10, 10а, 11, 11а, 12, 12а, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 28а, 29, 29а, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42 үйлер;

Бәйтерек көшесі, № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 8а, 9, 10, 11, 12 үйлер;

Болашақ көшесі, № 1, 1а, 2, 3, 3а, 4, 4а, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 10а, 11, 12, 12а үйлер;

Мәмбетов көшесі, № 43, 45, 47, 47/1, 49, 51, 53, 55, 57, 59, 59а, 61, 63, 65, 67, 67/1, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 84а, 84/1, 85, 86, 87, 88 үйлер;

Дүйсенов көшесі, № 71, 73, 75, 75а, 75/1, 77, 79, 81, 83, 130, 132, 134, 136, 136а, 138, 140, 142, 144, 146, 148, 150, 150/1, 152, 154, 156, 158 үйлер;

Бөгенбай батыр көшесі, № 3, 4, 7, 20, 20а, 20/1, 22 үйлер;

Ә. Тәңірбергенов көшесі, № 51, 51/1, 53, 53/1, 54, 56, 56/1, 56/7, 58, 58/1, 58/2, 60, 62, 62/1, 62/2, 64, 66, 68, 68/1, 68/2, 68/3, 70, 72, 72а, 74, 76, 76а, 78, 78а, 80, 80а, 80б, 82, 84 үйлер;

Уәлиханов көшесі, № 1, 1а, 2, 3, 4, 5, 5а, 6, 7, 7а, 8, 9, 10, 11, 12, 12а, 12/1, 13, 15, 16, 16а, 16б, 16в, 16г, 16д, 16е, 16л, 16/1, 17, 18, 18а, 18б, 18в, 18г, 18д, 18/1, 18/2, 18/3 үйлер;

Ақанаев көшесі, № 40, 40а, 40б, 40/7, 42, 42а, 44, 44а, 44/1, 44/2, 69, 69а, 69б, 69/2, 71, 73, 75, 77, 79, 81, 83, 85, 87, 89, 91, 93, 95, 97, 99, 101, 103, 103а, 106 үйлер;

Гагарин көшесі, № 160, 162, 163, 164, 165, 166, 167, 168, 169, 170, 171, 172, 173, 174, 175, 176, 177, 178, 179, 180, 181, 182, 183, 184, 185, 186, 187, 188, 189, 190, 190а, 191, 192, 193, 194, 195, 196, 197, 198, 198а, 199, 200, 200а, 201, 202, 203, 204, 205, 206, 207, 208, 209, 210, 211, 212, 213, 214, 215, 216, 260, 261 үйлер;

Барақ батыр көшесі, № 241, 241а, 242, 243, 243а, 244, 244а, 245, 246, 247, 247а, 248, 249, 250, 251, 252, 253, 254, 255, 256, 257, 258, 259, 260, 261, 262, 263, 264, 265, 266, 266а, 267, 268, 269, 270, 271, 271а, 272, 273, 274, 275, 276, 277, 277а, 278, 279, 280, 281, 282, 283, 284, 285, 286, 287, 288, 288/1, 288/2, 289, 290, 290/1, 291, 292, 293, 294, 295, 296, 297, 298, 299, 300, 301, 302, 303, 304, 304/1 үйлер;

Қажымұқан көшесі, № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 15а, 15б, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 35а, 35б, 36, 37, 37а, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 51а, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 58а, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 67а, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 76а, 77, 77а, 77б, 78, 78а, 79, 79а, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 90а, 90б, 91, 93 үйлер;

Бірлік көшесі, № 1, 2, 2а, 2б, 2/1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 үйлер.

№ 203 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орталығы: Абай облысы білім басқармасы Аягөз ауданы бойынша білім бөлімінің "№ 1 қалалық аралас жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, Аягөз қаласы, Ауэзов көшесі, № 23 үй.

Шекаралары:

Ауезов көшесі, № 1, 1а, 1б, 2, 3, 4, 5, 6, 6/1, 6/3, 6/4, 7, 7а, 7/1, 8, 8а, 8/1, 8/2, 8/6, 9, 9а, 9б, 9/1, 9/9, 9/15, 10, 11, 11/1, 12, 12а, 12/1, 12/2, 12/3, 12/4, 12/6, 12/7, 12/8, 12/9, 12/12, 13, 13а, 13б, 13г, 13/1, 13/2, 13/4, 14, 15, 15а, 15в, 15е, 15/1, 15/2, 16, 17, 17/1, 17/2, 17/3, 17/6, 17/7, 18, 19, 19а, 19б, 19/1, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 29а, 29б, 30, 30а, 30б, 30/1, 30/2, 30/3, 31, 31а, 32, 33, 33/1, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 42/1, 43, 44, 44а, 45, 46, 47, 47а, 48, 49, 50, 51, 52, 52а, 53, 53а, 54, 55, 55а, 56, 57, 57а, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 64а, 65, 65а, 66, 66а, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77 үйлер;

Шәкәрім көшесі, № 33, 34, 35, 36, 37, 37/1, 38, 38а, 38/1, 38/2, 38/3, 38/4, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 53а, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 66/1, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 76/1, 77, 78, 78/1, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96 үйлер;

Кудерин көшесі, № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 6а, 7, 8, 8/1, 9, 10, 11, 12, 13, 13а, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 24/1, 25, 26, 27, 28, 29, 29/1, 29/2, 29/3, 30, 31, 32, 33, 34, 34а, 34/1, 34/2, 34/14, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 42а, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 55а, 56, 57, 58, 59, 59а, 60, 61, 62, 62а, 63, 64, 65, 66, 66а, 67, 67а, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 76/1, 77, 78, 79, 79/1, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 98/1, 99, 100, 100/1, 101, 102, 103, 104, 105, 105а, 105б, 106, 108, 109/1, 110, 112, 114, 116, 118, 120, 122, 122а, 133а, 133б үйлер;

Серғазин көшесі, № 1, 1а, 2, 3, 3/1, 4, 5, 5/5, 6, 6а, 7, 7а, 8, 9, 10, 11, 11а, 12, 12а, 13, 14, 15, 16, 17, 17а, 18, 19, 19а, 20, 21, 22, 23, 23а, 24, 25, 25а, 26, 26а, 26/5, 27, 28, 28а, 28/2, 28/4, 28/5, 28/6, 28/7, 28/8, 28/9, 28/14, 28/21, 29, 30, 31, 32, 33, 33а, 34, 34а, 35, 35/1, 35/2, 35/3, 36, 37, 37а, 38,

39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 58/1, 59, 60, 60б, 60в, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 93/1, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 99а, 99б, 99в, 99/1, 99/3, 99/5, 99/7, 99/11, 99/17, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 110/1, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 124а, 124б, 124в, 125, 125а, 125б, 125в, 126, 126а, 127, 128, 129, 130 үйлер;

Ақтамберді көшесі, № 42, 42а, 44, 46, 48, 48/1 үйлер;

Алтынсарин көшесі, № 43, 45, 45а, 45б, 45/1, 46, 46б, 47, 49, 51, 53, 57, 59, 61, 65, 65а, 67, 69, 73, 73/1, 75, 79, 81, 83, 87, 89, 89а, 95, 97, 97а, 101, 103, 105, 107, 109, 111, 112/4, 113, 113а, 115 үйлер;

Абай бульвары, № 21, 22, 23, 24, 24а, 24б, 24г, 24/1, 29, 29б, 31, 31а, 31/4, 32, 38 үйлер;

Бөгенбай батыр көшесі, № 29, 29а, 30, 32, 37, 37а, 44, 57 үйлер;

Сейфуллин көшесі, № 38, 40, 40а, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70, 72, 74, 76, 78, 80, 82, 84, 86, 88, 90, 92, 94, 96, 96а үйлер.

№ 204 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орталығы: Аягөз ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, денешынықтыру және спорт бөлімінің "Қозы Көрпеш – Баян сұлу мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты, Аягөз қаласы, Абай бульвары, № 12 үй.

Шекаралары:

Коммунальный тұйығы, № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 16а, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 28а үйлер;

Б. Момышұлы көшесі, № 64, 66, 68, 70, 72, 74, 74/1, 76, 76а, 76б, 76в, 76/1, 76/2, 76/3, 76/4, 81, 83, 85, 87, 89, 91, 93, 95, 95а, 97, 99, 101, 103, 105, 107 үйлер;

Алтынсарин көшесі, № 54, 54а, 55, 56, 58, 59а, 60, 62, 63, 64, 66, 68, 70, 71, 71/9, 72, 74, 76, 77, 78, 80, 82, 84, 84а, 85, 86, 88 үйлер;

Ақанаев көшесі, № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 6а, 6б, 6в, 6г, 6д, 6/2, 7, 7/1, 8, 8а, 8в, 8г, 8д, 9, 10, 10/1, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 17а, 18, 19, 19а, 19б, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 33а, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 41, 43, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 67а, 67б, 67/1, 67/7, 68, 68а, 69/1 үйлер;

Отарбайұлы көшесі, № 1, 2, 4, 6, 7, 8, 10, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 20, 22, 23, 24, 26, 27, 28, 30, 32, 33, 33а, 34, 35, 36, 38, 39, 40, 41, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 57, 58, 60, 61, 62, 64, 66, 68, 70, 72 үйлер;

Абай бульвары, № 2, 7, 18, 18а, 18/1, 19 үйлер;

Искаков көшесі, № 2, 4, 6, 8, 10, 12 үйлер;

Ғаббасов көшесі, № 1, 2, 2а, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 10а, 11, 12, 12/1, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 27а, 28, 29, 30, 30а, 30б, 30/1, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 48/1, 48/2, 49, 50, 59, 60 үйлер;

Ә. Тәңірбергенов көшесі, № 1, 2, 2/2, 3, 4, 5, 6, 6а, 7, 8, 9, 9а, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 27а, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 35/1, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 41а, 42, 43, 44, 45, 45а, 46, 47, 47а, 47/1, 47/2, 48, 49, 50, 52 үйлер.

№ 205 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орталығы: Абай облысы білім басқармасы Аягөз ауданы бойынша білім бөлімінің "Аягөз қалалық №9 аралас бастауыш мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, Аягөз қаласы, Б.Момышұлы көшесі, № 60 үй.

Шекаралары:

